



№12 (71) 2019 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

ТАҒЫЛЫМ

РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ



ХОЖАМУРАТОВА АЛИЯ ИСИНБАЕВНА,

№29 «АЙ - КЕРІМ» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫНЫҢ МЕНҒЕРУШІСІ

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

ТАҒЫЛЫМ

2011 жылдың наурызынан бастап шығады

IX бөлім

№12 (71)

**Желтоқсан
2019 жыл**

Басылым Қазақстан Республикасы
Байланыс және ақпарат министрлігінде есеп-
ке қойылып, 2011 жылдың 26 қаңтарында
№11349-ж тіркеу куәлігі берілген



	Grandfather: - We are family. When we are together, we are strong!	
Жетекші – жөндеуші	ҮОІӨ – қорытындылау; Балалардан бүгінгі ҮОІӨ – ден алған әсерлерін сұрау; Did you like today's lesson? What did you like? What about was the tale? What games did you like in this lesson? Thanks a lot. Good – bye!	Балалар бүгінгі ҮОІӨ – ден әсерлерімен бөліседі.

Күтілетін нәтиже:

Білуі қажет: балалар жыл бойына меңгерген тақырыптарының біразын еске түсіріп, өз білімдерін бекіте алды.

Қалыптасқан түсініктер: түрлі ойындар арқылы көңілдері көтеріліп, пәнге деген қызығушылықтары арта түсті.

Орындаушылық қабілеті: өздерін түрлі қырларынан көрсете алғанына қуана түседі.

АЛИЯ БЕГАЛИЕВА,

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нің тәрбиешісі
Шымкент қаласы

ҒАЖАЙЫП ОРМАН

Мақсаты: Балалардың қоршаған ортамен қарым-қатынасын дамыту негізінде, табиғатты аялау дағдыларын қалыптастыру. Ақпарат ғасырына сай компьютерлік сауатты, жан жақты дамыған жеке тұлға тәрбиелеу.

Міндеті: Баланың ақыл ойын дамыту, ойлау деңгейі-дәстүрден тыс және қызықты тапсырмаларды орындауға, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойын жүйрік етіп тәрбиелеу.

Қажетті құралдар: Ағаштар, гүлдер, ертегі суреттері, қалың ақ қағаздар, ноудбук, проектор, музыка әуені жазылған ұнтаспалар.

Алдын ала жұмыстар: Орыс халық ертегісі «Бауырсақ», «Қызыл телпек», қуыршақ театрлары арқылы сахналау.

Билингвалдық компоненттер: Орман-лес.

Инклюзивтік әлеумет: Ильязқа сурет салу барысында тереңірек түсіндірме жұмыстарын жүргізу, сурет салуға қызығушылығын арттыру.

Қызмет этаптары	Тәрбиеші қызметі	Балалар қызметі
Қызмет түрі	Балалар қараңдаршы бүгін бізге қанша қонақтар келген, осы қонақтармен алдымен сәлемдесіп алайық. Шаттық шеңбері: Біз Қызғалдақ жайқалған Дос құшағын елге ашқан Тілейміз біз тыныштықты Ашық болсын көк аспан Мықты болсын іргеміз	Сәлеметсіздер ме! Здравствуйте! Good morning!

	Бәрімізде біргеміз Қайырлы таң апайлар Қайырлы күн баршаға Қош келдіңіздер біздің Шағала тобымызға Жарайсыңдар балалар бәріміз де көңілімізді көтеріп алдық. Бәріңе бүгінгі күнге сәттілік тілеймін.	
Ұйымдастыру- ізденушілік	<i>Ғажайып сәт:</i> <i>Құстың шырылдаған дыбысы естіледі:</i> <i>Бұл ненің дыбысы, бұл қандай құс?</i> <i>Балалар, бұл жай құс емес бейне таспасы</i> <i>бар құс екен, қане бәріміз экранға назар</i> <i>аударайық.</i> <i>-Ой керемет болды балалар ормандағы ең</i> <i>үлкен ағаш бізді ғажайып орманға</i> <i>серуендеуге шақырыпты, барамыз ба?</i> Орманға барғанда табиғатты тамашалап, алаңқайда ойнаймыз. Орманға бару үшін кішкене аяқ жолмен жүреміз. Қалай ойлайсыңдар не үшін аяқ жолмен жүреміз? -Өте дұрыс айтасыңдар, балалар кәнекей бір- біріміздің қолымыздан ұстап орманға қарай бет алайық, жолымыз қысқыру үшін ән айтайық. Көңілді біздің балалар Ойнайды да күледі Оқуды да ұмытпай, Білімге көңіл бөледі. Көңілді біздің балалар Дос қадірін біл еді Досқа да сондықтан Көмекекке әркез келеді. өлең біткен кезде құстардың дауысы, ағаштардың шулы дыбыстары естіледі) - Қараңдаршы, айналамыз қандай керемет, қандай әсем, тамаша, келіндер алаңқайға отырып біраз демалып алайық. Тәрбиеші: Балалар қазір жылдың қандай мезгілі? Бәрекелді, неткен ақылды едіңдер. Тәрбиеші: Балалар әр мезгілдің өзінің ерекшелігі болады сол ерекшеліктерін білу үшін, ойын ойнаймыз ба? -Ал олай болса «Жыл мезгілдері» ойынын ойнайық. Менің қолымда текше бар, ол текшеде жыл мезгілдерінің суреттері бейнеленген. Қай мезгіл түссе сол мезгілдің ерекшелігін айтамыз. Жыл мезгілі бізге қандай сыйлықтар сыйлайды? Жыл мезгіліне сипатама беру. - экранда көрсетіледі.	Балалар таң қалады! Құстың дыбысы. Бұл орман құсы тоқылдақ. Алақай серуендеуге шығамыз! Орманда апай не істейміз? Балалар: Шөпті баспау үшін, бұтақтарды сындырмау үшін, құстар мен жануарларды шошытып, қорқырып алмау үшін, қоқыстарды тастамау үшін. Балалар көңілді әнді белсенді, көтеріңкі көңілмен орындайды. -Қазір жылдың көктем мезгілі. -Алақай! Ойнаймыз Көктем мезгілі –сарқыраған өзеннің, алғашқы гүлін, көгілдір аспанын сыйлайды. Көктем

	-Жарайсындар балалар! Айналамыздағы ағаштар өте әдемі екен. Ал мына ағаш жәй ағаш емес секілді, қараңдаршы ормандағы ең үлкен ағаш сияқты. Қане құлақ салып тыңдап көрейікші. Ағаш: - Балалар келдіңдер ме ? сендер қай топтың бүлдіршіндерісіңдер? Ағаш: - Бәрекелде балалар сендердің жаңа ойнаған жыл мезгілдері деген ойындарың маған қатты ұнады. Сендер ертегіні жақсы көресіңдер ме? -Олай болса мен ертегіден үзінді айтайын, ал сендер оның қай ертегі екенін тауып көріңдер. - ертегіні мен бастайын ал сендер тыңдаңдар -1. Кішкене қыз орманға Жалғыз өзі барады, Апасына қартайған Дәмін салып алады. Бұл қай ертегі? -Қане қызыл телпек ертегісінің кейіпкерін тауып орналастырыңдаршы. -2. Апасынан қашып кетті Атасынан қашып кетті Кездестіріп біраз аңды Біраз жолдан асып кетті. -Қане бауырсақ ертегісінің кейіпкерін тауып орналастырыңдар. -3. Лактарым шырақтарым, Аша қойыңдар, аша қойыңдар Енелерің орманнан келді, Сендерге сүт әкелді. Бұл қай ертегі? -Қане қасқыр мен жеті лақ ертегісінің кейіпкерін тауып орналастырыңдар. -Жарайсындар балалар! Тәрбиеші: Балалар ертегі үзінділерін тыңдап отырсақ барлығы қай жерде болған екен? Қараңдаршы бізге құс ұшып келе жатыр – Қандай құс екен? Қарлығаш: сәлеметсіңдер ме балалар! Мен сендердің ғажайып орманда жүргендеріңді алыстан байқадым. Сендердің білімдеріңді тексеру үшін менің де тапсырмаларым бар..... Балалар санауды білесіңдер ме? Менің қарлығаштарымды санап беріңдерші, ал енді олардың үшеуін оңға	мезгілінің үш айы болады: наурыз, сәуір мамыр. Жаз мезгілі – ыстық күннің сәулесін ашық түсті гүлдерін, жемісі мен көгенісін сыйлайды. Жаз мезгілінің үш айы болады: маусым шілде, тамыз. Күз мезгілі - алтын астығы мен нанын, жеміс- жидегін, саңырауқұлағын сыйлайды. Күз мезгілінің үш айы болады: қыркүйек, қазан қараша. Қыс мезгілі – сырғанағын, шаңғысын. Шанасын, аппақ қарын сыйлайды. Қыс мезгілінің үш айы болады желтоқсан, қаңтар ақпан. - Біз «Шағала» тобының балаларымыз -Иә, жақсы көреміз. Балалар қызыл телпек ертегісі. Бауырсақ ертегісі. -Қасқыр мен жеті лақ ертегісі. -Орманда. -Қарлығаш құсы. -Сәлеметсің бе! -әрине . Балалар алдарында тұрған қарлығаштарды оң жаққа сол жаққа орналастырады.
--	--	---

карай ұшырып ал екеуін солға карай ұшырындаршы.

Карлығаш: Жарайсыңдар балалар! сендер ақылды балалар екенсіңдер.
-Сау болыңдар балалар!

Тәрбиеші: Балалар өткен оқу қызметте біз батпырауық жасаған болатынбыз, сол батпырауықтың астына көбелектер қоныпты, маған көбелектерді санауға көмектесесіңдер ме? (тактамен жұмыс)

-балалар біз түстермен пішіндер туралы да білеміз солай емес пе? Қане пішіндерді атап сандарды сәйкестендіріп орналастырайық. Жарайсыңдар балалар!

Тәрбиеші: Балалар біз табиғатты қорғап аялауымыз қажет солай ма, қане табиғат туралы мақал мәтелдерімізді айтайықшы.

Ағаш: жарайсыңдар балалар сендер білімді ақылды екенсіңдер. Менің орғанымда ағаштар мен гүлдер азайып қалды, маған көмектесесіңдерме?

Тәрбиеші: балалар қане ағашқа гүл, ағаш және көбелек құрастырып берейік.
Ағаш:ал сендер табиғат туралы өлең шумақтарын білесіңдерме?

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар, бір серігіп бойымызды жазып алайық.

Сергіту сәті:

Ал балалар келіндер
Бой жазайық бәріміз
Мойнымызды бұрамыз
Қолымызды созамыз
Биік болып өсеміз
Жапырақтай жайқалып
Табиғатты сүйеміз
Шетімізден шеберміз
Денемізді бос ұстап
Билеп-билеп аламыз
Аяқтармен топ-топ басып
Қолымызды соғамыз.

Ағаш: Балалар сендермен саяхаттау өте қызықты екен, сендер барлық тапсырмаларды орындадыңдар.

-**Тәр:** Ағаш біздің балалар тек тапсырмаларды орындап қоймай, шығармашылық алаңда да өздерін нағыз шебер ретінде көрсете алады.

-**Ағаш:** Ендіше байқап көрейік.

-**Тәр:** балалар мойнымыздағы бейжәк арқылы шығармашылық алаңға бөлініп барамыз. Дайындалған ағаштарға, көктем мезгілі болғандықтан жапырақ салып берейік.

- Сау бол карлығаш!

-Балалар сандарды орналастырады.

-әрине.

- Адамның табиғатсыз күні жоқ.
- Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.
- Бір тал кесең он тал ек.
- Табиғат тал бесік .

-Ер елдің көркі,
Орман тоғай –жердің көркі.
- Ағаш тамырымен, адам досымен мықты.
-Ағашты жемісінен адамды ісінен таниды.

-Ия, көмектесеміз.

Балалар гүл, көбелек, ағаш құрастырады.

-Табиғат біздің анамыз,
Табиғатқа баламыз
Таза болса табиғат
Бізде аман боламыз.

-Жақсылықты қолдаймыз
Табиғатты қорғаймыз
Гүл егеміз бақтарға
Айналасын қоршаймыз.

-Табиғат неткен тамаша
Көз тоймайды қараса
Табиғатты аялап жүрейікші
балаша.

Балалар қимыл мен іс-әрекеттерді көтеріңкі көңіл күймен орындайды.

	Бірінші топ (дәстүрден тыс картон қағазы арқылы мөрлеу әдісімен ағашқа жапырақ салайық. -Екінші топ шырын қақпақтарын пайдаланып ағашқа жасыл жапырақ етіп бұраймыз. -Үшінші топ: ағашқа дайындалған жапырақтарды кнопкалар арқылы қыстырамыз. -Төртінші топ: ноут букпен раіпті ойыны арқылы салынып қойылған ағашты бояймыз . -Ағаш: жарайсыңдар балалар сендердің ақылдарыңа және өнерлеріңе риза болдым, барлықтарың шебер екенсіңдер. Менің де сендерге сыйлығым бар. Гүл береді. -Кәнекей енді тобымызға оралайық, ағашпен қоштасайық. жолымыз қысқару үшін не істейміз? -Иә, жарайсыңдар ендеше ән салып жолға шығайық. Көңілді біздің балалар Ойнайды да күледі Оқуды да ұмытпай, Білімге көңіл бөледі. Көңілді біздің балалар Дос кәдірін біл еді Досқа да сондықтан Көмекекке әркез келеді.	Балалар сурет салудың түрлі әдістермен, қызығушылықпен орындайды. -сау болыңыз! -Ән саламыз
Жетекші - жөндеуші	-Балалар біз бүгін қайда бардық? Не көрдік? Сұхбат: Тәрбиеші: Қане кім сұхбат алғысы келеді? Кімнің түсіруші, ал кімнің тілші болғысы келеді? (Бір бала сұрақ қояды, екіншісі түсіреді)	-Ғажайып орманға, онда ғажайып ағаш бар екен! -Тілші: -Саған «Ғажайып орманға» барғанымыз ұнады ма? Бала: -Иә, мен достарыммен барған соң маған қызық болды. Тілші: -Орманда не көрдің? Бала: -Орманда ағаштар гүлдер, көбелектер көрдім. Ормандағы ағаштың тапсырмалары қандай болды? -Ертегі туралы болды. Мен ертегілерді білемін. Қызыл телпек, қасқыр мен жеті лақ, бауырсақ. Шығармашылық жұмыстың қай түріне қатыстың? -ноудбукпен жұмыс істедім. - Ендігі кезекті біздің қонақтарымызға берейік. -Сізге біздің орманға жасаған саяхатымыз ұнады ма?

-Сіздің есіңізде не қалды?
-Сұхбатыңызға рахмет. Тағы келіңіздер. Сіздерді тағы да көруге қуаныштымыз.

Күтілетін нәтиже:

Білу қажет: - тапсырманы ынтамен дұрыс орындауды, өз ойларын еркін жеткізуді, түрлі жағдайлардан тиімді жолдарды таба білуді.

Қалыптасқан түсініктер: өздігінен білім алып, ізденуді.

Орындаушылық қабілеті: тапсырмаларды дұрыс орындайды, өздігінен білім ала отырып, ізденуді, заман талабына сай ақпараттық құралдарды пайдалануды.

ЖАДЫРА БОЛЕГЕНОВА,

№29 «Ай-Керім» бөбекжай-бақшасы МКҚК-нің музыка жетекшісі
Шымкент қаласы

МУЗЫКА ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ

Мақсаты: балалардың ноталарды тануын, музыкалық аспаптарға деген қызығушылығын ояту, оларды дыбысынан ажырата білуге және музыкаларды тыңдау арқылы эстетикалық талғамдарын, музыканы қабылдау деңгейін дамытуға, мінезіне қарай ажырата білуге үйрету;

Міндеті: түрлі ойындар арқылы балалар арасында өзара достық қарым-қатынас орнату; балаларға жағдай туғыза отырып, олардың көңіл-күйлерін көтеру;

Көрнекіліктер: интерактивті тақта, пойыз, ойындарға қажетті атрибуттар;

Алдын-ала жұмыстар: балалармен әндерді айтып үйрену;

Инклюзивті әлеумет: белсенділігі төмен балаларды ойынға шақыру арқылы музыкаға деген қызығушылықтарын ояту;

Қызмет кезеңдері	Мұғалім қызметі	Балалар қызметі
Ұйымдастырушы – қозғаушы қызмет түрі	Марш бағытындағы әуен қойылады. Музыка жетекшісі балаларды қарсы алу үшін назарын балаларға аударады. Балалармен сәлемдеседі. Шаттық шеңбері: Күннің көзі ашылып, Көкке шуақ шашылып, Құтты қонақ келіпті, Төрімізге еніпті. Амандасу үлкенге, Тәрбиенің басы ғой. Ал, қанекей бәріміз, Сәлем дейік үлкенге, Сәлеметсіздер ме, апайлар! - Олай болса, балалар, бойымызды сергітіп, жаттығу жасап алайық.	Марш бағытындағы музыка әуенімен балалар ортаға сап түзей кіреді. Ортаны бір айналып шығып, шеңбер жасап тұрады. Барлығы шеңбер бойына тұрып, жылулық шеңберінде бір-біріне тілектерін білдіреді.
Ұйымдастыру – ізденушілік	Көңілді әуен қосылады. 1. Шеңбер бойымен, ортаға аяқтарын келтіріп, шалқаларынан жату; алдымен оң аяқты, кейін сол аяқты жоғары көтеріп, төмен түсіру;екі аяқты қатар көтеріп, төмен түсіру;	Балалар көңілді әуенмен әр түрлі қимыл жаттығуларын орындайды.